

Сұранысқа ие мамандық жарқын болашақтың белгісі.

Кез келген адам мамандық таңдау арқылы өмірден өз орнын іздейді. Себебі, мамандық таңдау – ол болашаққа бастар жол. Қазіргі таңда мыңдаған мамандық түрлері бар және осылардың ішінен өзіне лайықтысын таңдау үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Дүние жүзінде 40 мыңнан аса мамандық түрлері бар. Ғылыми зерттеу бойынша, жыл сайын 25 млн. адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12% -ы қайтадан өз мамандықтарына қайтып оралады екен. Мұның себебі, болашақ мамандықты дұрыс таңдамау. Мамандық – ол келешекте ішерге ас, киерге киім екенін және де қандайда бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі екенін ұмытпаған жөн. Мамандық түрлерінің көптігіне байланысты таңдау

кезінде мамандыққа деген икемділік пен сүйіспеншілікті ескеру қажет.

XXI ғасырдың ең танымал мамандықтарына сала аралық-экономист, маркетинг, логист, менеджер, заңгер және бағдарламашылар кіреді.

Қазақстан Республикасының экономикалық қызмет нарығы қарқынды дамуда. Елімізде жылдан жылға осы салаға бөлінетін грант саны артауда. Себебі, сапалы білім – заман талабы. Яғни, мамандықтың қандай болса да сапалы білім алуға байланысты. Мамандығының нағыз шебері болып тұрған маман кез келген жерде сұранысқа ие. Қазіргі таңда экономика саласына кадрларды дайындау бойынша үздіктер қатарынан ойып тұрып орын алатын жоғары оқу орны - өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің көп жылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол алдыңғы қатарлы университет болып саналады. Логистика мамандығы бойынша үздік кадрларды Экономика және Бизнес Жоғары мектебінің «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының оқытушылар құрамы даярлауда. Кафедра соңғы үлгідегі талаптар мен халықаралық стандарттарына толықтай сәйкескелетін мамандарды оқытуда. Мұның айғағы кафедра түлектерінің ұлттық экономиканың барлық салаларында, министрліктер мен ведомстволарда, банк саласында және халықаралық компанияларда, кеден бақылау органдарында, жүк тасымалы және маркетинг саласы бойынша жұмыс істейтіндігін айтуымызға болады. Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық

университетінде білім алған жас ұрпақ еліміздің экономикасының дамуына үлесін қоса алады. Сол себепті жаңа өмір жолына қадам басқалы отырған әрбір жас түлек оқу орнын таңдау барысында ең алдымен осы өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне көз тігері анық.

«Ақылды адам – әр істің нәтижесін алдын ала болжап, соған сай әрекет ете алатын адам» – деп босқа айтылмаған сыңайлы. Мамандықты таңдауда қателік жібермей, дұрыс шешім қабылдау – ақылмен жүзеге асатын іс.

**Ахмет Қ.Б. өл-Фараби атындағы
ҚазҰУ 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: менеджмент
және маркетинг кафедрасының аға
оқытушы Оразымбетова А.Ш.**

ҚазҰУ – мүмкіндіктер мекені

Биыл еліміздің жетекші университеті өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

ескінің көзін көрген, 80 жылдан астам бай тарихы жинаған

кәсіби білім жүйесі бойынша магистрант- Білім саласында Соғдай әк заманауи

тер өскери дайындықтан өтеді және жатақханамен қамтамасыз етіледі. ҚазҰУ-дің Эконо-